

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023

2 САБАҚ

IV МОДУЛЬ. ҚАЙДА ТҰРАСЫЗ?

МЕКЕНЖАЙЫҢЫЗ ҚАЛАЙ?



1. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Жаттап алыңыз!
Сенің мекенжай+**ың** қалай?
Сіздің мекенжай+**ыңыз** қалай?
Оның мекенжай+**ы** қалай?
Менің мекенжай+**ым**

Менің

үй+**ім**

пәтер+_____

мекенжай+_____

Сенің

үй+**ің**

пәтер+_____

мекенжай+_____

Сіздің

үй+**іңіз**

пәтер+_____

мекенжай+_____

Оның

үй+**і**

пәтер+_____

мекенжай+_____



2. Үлгінің көмегімен сәйкестендіріңіз.

Менің

Сенің

Сіздің

Оның

Менің

Сіздің

Сенің

Оның

даңғылың

үйің

пәтері

мекенжайым

қалаңыз

ауданы

көшеңіз

пәтерім



3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

-та, -те; -да, -де; -нда, -нде

Қарағанды қала+сы+нда – Қарағанды+да

Қарқаралы аудан__+__ – Қарқаралы+__

Көкшетау қала__+__ – Көкшетау+__

Шымкент қала__+__ – Шымкент+__

Егіндібұлақ ауыл__+__ – Егіндібұлақ+__

Қызылорда облыс__+__ – Қызылорда+__

Мысыр ел__+__ – Мысыр+__

Астана қала__+__ – Астана+__

Қостанай қала__+__ – Қостанай+__

«Шаңырақ» ықшамаудан__+__ – Шаңырақ+__



4. Сұқбатты тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

- Сіздің _____?
- Менің мекенжайым Әлиханов _____, 14-_____, 45-_____?
- Сенің _____?
- Менің мекенжайым Абай _____, 46-_____, 78-_____?
- Оның _____?
- Оның мекенжайы Мұқанов _____, 2-_____, 105-_____.



5. Сөйлемдерді жауабымен сәйкестендіріңіз.

№	сұрақ	жауап	дұрыс
1	Сенің мекенжайың қалай?	А) Ата-анасы Сейфуллин көшесінде тұрады.	1. _____
2	Сіз қай қалада тұрасыз?	Ә) Менің досымның мекенжайы Республика даңғылы, 65-үй, 154-пәтер.	2. _____
3	Олардың ата-анасы қай көшеде тұрады?	Б) Менің мекенжайым Аманжолов көшесі, 41-үй.	3. _____
4	Сіздің досыңыздың мекенжайы қалай?	С) Оның мекенжайы Абай көшесі, 56-үй.	4. _____
5	Оның мекенжайы қалай?	Д) Иә, Әуезов көшесінде тұрамын.	5. _____
6	Сіз Әуезов көшесінде тұрасыз ба?	Е) Мен Қарағанды қаласында тұрамын.	6. _____



6. Үлгінің көмегімен жазыңыз

Менің мекенжайым Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 48-үй, 35-пәтер.
Мен Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 48-үй, 35-пәтерде тұрамын.

Оның мекежайы Астана қаласы,
Республика даңғылы, 89-үй, 139-пәтер.

Сенің мекенжайың Талдықорған қаласы,
Мәметова көшесі, 56-үй ме?

Менің мекенжайым Көкшетау қаласы,
Ақан сері көшесі, 101-үй.

Сіздің мекенжайыңыз Алматы қаласы,
Байтұрсынұлы көшесі, 77-үй, 99-пәтер ме?

Алмастың мекенжайы Ақтөбе қаласы,
Жамбыл көшесі, 8-үй, 148-пәтер.



7. Мәтінді оқыңыз.

Айқынның отбасы өте үлкен. Олар Қарағанды қаласында тұрады. Айқынның әкесі Қарағанды облысы Шет ауданынан, анасы Көкшетаудан. Айқын Астана қаласында оқиды. Л.Н.Гумелёв атындағы университетінің 3-курс студенті. Оның досы Марат Жетісу облысы, Текелі қаласынан. Айқынның мекенжайы Астана қаласы, Қажымұқан көшесі, 10-үй, 9-пәтер. Досы Марат Қарағанды қаласына қонаққа келіп тұрады.



8. Мәтіннің көмегімен сәйкестендіріңіз.

Айқынның отбасы	отбасы үлкен.
Айқын	Жетісу облысы Текелі қаласынан
Айқынның мекенжайы	Қарағанды облысы Шет ауданынан
Айқынның әкесі	Көкшетаудан
Айқынның анасы	Астана қаласында оқиды
Айқынның досы	Қажымұқан көшесі, 10-үй, 9-пәтер



9. Мәтіннің көмегімен ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтаңыз.

	дұрыс (+)	бұрыс (-)	Мәтінде жоқ ақпарат
Айқынның отбасы шағын.			
Олар Қарағанды қаласында тұрады.			
Айқынның әкесі Қарағанды облысы Шет ауданынан, анасы Көкшетаудан.			
Айқын Ақтау қаласында оқиды.			
Л.Н.Гумелёв атындағы университетінің 3-курс студенті.			
Оның досы Марат Жетісу облысы Текелі қаласынан.			
Айқынның мекенжайы Астана қаласы Қажымұқан көшесі, 10-үй, 10-пәтер.			



10. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Сіздің ата-анаңыз қайда тұрады? Сіздің мекенжайыңыз қалай?
Нешінші пәтерде тұрасыз? Қай көшеде тұрасыз? Театрдың мекенжайы қалай?
Қай/ нешінші үйде тұрасыз? Жұмысыңыз қайда орналасқан?